

**Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы президенттерінің қамқорлығындағы Мемлекетаралық Үйлестіру Кеңесі туралы ереженің жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 қыркүйектегі N 830 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы президенттерінің қамқорлығындағы Мемлекетаралық Үйлестіру Кеңесі туралы ереженің жобасына қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

**Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы президенттерінің қамқорлығындағы Мемлекетаралық Үйлестіру Кеңесі туралы ереже**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Өзбекстан Республикасының Президенті И.А.Кәрімовтің 2006 жылғы 20 наурыздағы Бірлескен мәлімдемесіне, Бірлескен мәлімдеменің ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы президенттерінің қамқорлығындағы Мемлекетаралық Үйлестіру Кеңесін құру туралы Меморандумға сәйкес, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы (бұдан әрі - Тараптар) екі жақты ынтымақтастықтың басым мәселелерін тиімді түрде шешу және екі ел арасындағы қарым-қатынастарды сапалы жаңа деңгейге шығару мақсатында Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы президенттерінің қамқорлығындағы Мемлекетаралық Үйлестіру Кеңесін (бұдан әрі - МҮК) құрады.

2. МҮК өзінің қызметін үкімет басшыларының басшылығымен жүзеге асырады.

3. МҮК құрамына премьер-министрлер, сыртқы істер және ішкі істер, экономика, қаржы, қорғаныс, мәдениет, спорт, энергетика, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар, білім және ғылым, индустрия және сауда министрлері, кеден және арнайы (келісім бойынша) қызметтердің басшылары, сондай-ақ екі елдің елшілері к і р е д і .

4. МҮК отырыстарына шақырылған тұлғалар (келісім бойынша) қатыса алады.

5. МҮК қажеттілігіне қарай тұрақты немесе уақытша негізде жұмыс топтарын құра а л а д ы .

6. МҮК отырыстары жарты жылда бір рет екі елдің аумағында кезекпен өтеді.

7. Егер МҮК басқа шешім қабылдамаса, аумағында кезекті кездесу өтіп жатқан

мемлекеттің Премьер-Министрі отырыс жұмысына төрағалық етеді.

8. Кезек күттірмейтін мәселелерді қарау үшін мемлекеттердің кез келгенінің ұсынысы бойынша МҮК-тің кезектен тыс отырысы шақырыла алады.

МҮК-тің кезектен тыс отырыстары, әдетте, бастамашылық жасаған мемлекеттің аумағында немесе тараптардың келісімі бойынша өтеді.

9. МҮК мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- барлық салалардағы екі жақты қарым-қатынастардың жай-күйіне тұрақты түрде мониторинг және талдау жүргізеді, сондай-ақ өзара қарым-қатынастарды жақсартуға бағытталған тиісті ұсыныстарды әзірлейді;

- туындаған мәселелерді уақтылы шешу жөнінде ұсынымдар әзірлейді;

- Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы бағдарламалардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

- екі жақты және өңірлік деңгейде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерінде тиімді өзара іс-қимыл жасау жөнінде жұмыс жүргізеді.

10. МҮК-тің шешімдері ұсынымдық сипатқа ие және консенсус негізінде қабылданады.

11. МҮК өз қызметінде Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарды және осы Ережені басшылыққа алады.

12. Қабылдаушы мемлекет МҮК-тің отырысын өткізуге байланысты шығыстарды көтереді, МҮК-тің отырысын өткізуге қажетті ақпараттық, материалдық-техникалық, көліктік және басқа да ұйымдастырушылық жағдайларды жасайды.

Жіберуші мемлекет МҮК-тің отырысына қатысатын Кеңестің ұлттық бөлігінің мүшелерін іссапарға жіберу жөніндегі шығыстарды көтереді.

13. Отырыс барысында және отырыстар аралығындағы кезеңде МҮК-тің қызметін үйлестіруді Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Сыртқы істер министрліктері жүзеге асырады.

14. МҮК-тің құжаттары екі данада жасалады.

15. МҮК-тің жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

16. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Ережеге оның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізіле алады.

17. Осы Ереже қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

2006 жылғы "\_\_\_" қыркүйекте Астана қаласында екі түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Өзбекстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК